

«Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару
Академиясы» РМҚК ректорының
2024 жылғы «4» ақпандағы
№64 бұйрығымен бекітілген

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСПОРНЫ
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТ ӘДЕБИ КОДЕКСІ**

Астана қаласы, 2025 жыл

1. Жалпы ережелер

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметшілерінің қызмет әдебі кодексі (бұдан әрі – Кодекс) Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына, Азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп кодексіне, «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Жарғысына және Қазақстан Республикасының жалпы танылған адамгершілік қағидаттары мен нормаларына сәйкес әзірленді.

2. Кодекс «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының және оның филиалдарының (бұдан әрі – Академия) жұмыскерлері басшылыққа алатын жалпы қағидаттар мен әдеп нормаларының жиынтығы болып табылады.

3. Кодекс қызметкердің кәсіби қызметінің принциптерін, әріптестермен, қызметкерлермен, білім алушылармен және өзге де адамдармен кәсіби мінез-құлық және іскерлік қарым-қатынас стандарттарын айқындайды.

4. Академияның жұмыскерлері Кодекс ережелерін білуі және сақтауы олардың кәсіптік қызметі мен еңбек тәртібін бағалау критерийлерінің бірі болып табылады.

5. Осы Кодекстегі әдеп нормалары мен талаптары барлық Академияның жұмыскерлері үшін міндетті болып табылады, олар қатаң сақталуға тиіс.

6. Академия қызметкерлері жұмысқа түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Кодекстің мәтінімен танысады және осы Кодекстің қосымшасына сәйкес Қызметтік әдеп кодексін қабылдау және сақтау туралы міндеттемеге қол қояды.

2. Кодекстің мақсаттары мен міндеттері

7. Осы Кодекстің мақсаты өзара қарым-қатынастардың корпоративтік мәдениетін қалыптастыру және арттыру, сондай-ақ Академияның имиджі мен беделін нығайту болып табылады.

8. Кодекстің міндеттері жұмыс пен оқудың барынша қолайлы жағдайларын, ізгі ниет пен парасаттылық атмосферасын, сондай-ақ Академияда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды құру болып табылады.

3. Академия басшылығының, әкімшілік-басқару, профессорлық-оқытушылық құрамындағы, қызмет көрсету және оқу-көмекші персонал қатарындағы жұмыскерлерінің мінез-құлық стандарттары және міндеттері

9. Академияның басшылығы, әкімшілік-басқару, профессорлық-оқытушы құрамындағы, қызмет көрсету және оқу-көмекші персонал қатарындағы жұмыскерлері:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және өзге де нормативтік құқықтық актілерінің және Академияның ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын басшылыққа алуға;

2) адал, әділ, кішіпейіл болуға, жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды және іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтауға, әріптестермен, білім алушылармен және басқа адамдармен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына, оның ішінде жұмыстан тыс уақытта жол бермеуге;

3) оқыту, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту негізінде кәсіби, басқарушылық және жеке құзыреттіліктерді дамытуға;

4) еңбек тәртібін бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқаруға, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

5) тәртіптік, әкімшілік не қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуге;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша шаралар қабылдауға, сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне және сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын іс-әрекеттерге қарсы тұруға, өзінің мінез-құлқымен адалдықтың, бейтараптық пен әділдіктің үлгісін көрсетуге;

7) Академия мен оның филиалдарының оң имиджін ілгерілетуге ықпал етуге, Академия мен филиалдарының мүдделері мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

8) ұжымда тұрақты және жағымды моральдық-психологиялық жағдай жасауға ықпал етуге;

9) Академия мүлкін ұқыпты ұстауға және оны жеке мақсатта пайдаланбауға;

10) бір-біріне қатысты өнегесіз сипаттағы іс-әрекеттерге, негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қорлау, адамдық қадір-қасиетін қорлау, әдепсіздік фактілеріне және адам құқықтарына қысым жасайтын басқа да іс-әрекеттерге жол бермеуге;

11) өз іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан негізделген сынға себеп бермеуге, оған төзімділік танытуға, кемшіліктерді жою және кәсіби қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды қолдануға

12) лауазымдық міндеттерін атқару барысында алынған ақпараттың құпиялығын сақтауға, оны жеке мүдде үшін немесе пайда табу мақсатында пайдалануға жол бермеуге, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

13) басқа жұмыскердің кәсіби біліктілігіне көпшілік алдында күмән келтірмеуге;

14) өзінің қызметтік міндеттерін атқару кезеңінде іскерлік киім кию үлгісін ұстануға;

15) жеке сипаттағы мәселелерді шешу үшін қызметтік жағдайды пайдаланбауға, қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жеке және заңды тұлғалардан сыйлықтар мен қызметтерді қабылдау фактілеріне жол бермеуге;

16) БАҚ-да және әлеуметтік желілерде Академияны қандай да бір түрде беделін түсіретін және оның беделіне нұқсан келтіретін жарияланымдар/түсініктемелер жарияламауға;

17) Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатына, мемлекеттің лауазымды адамдарына, мемлекеттік басқару органдарына, Академияға және өзге де адамдарға қатысты орынсыз пікірлерге, оның ішінде БАҚ-та және әлеуметтік желілерде, жол бермеуге міндетті.

10. Білім беру процесіне қатысушылармен қарым-қатынаста Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының қызметкерлері:

1) жасына, жынысына, ұлтына, діни сеніміне, азаматтығына, шығу тегіне, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе кез келген өзге де мән-жайларға карамастан, адамның құқықтарын, ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

2) пікірталастарды дұрыс түрде жүргізуге, этикалық емес мәлімдемелерге жол бермеуге;

3) білім беру процесіне қатысушыларға қатысты қаржылық және өзге де бопсалау фактілеріне жол бермеу, өз әріптестері тарапынан осындай әрекеттердің жолын кесу жөнінде күш салуға;

4) білім беру процесіне қатысушыларға кәсіби қолдау көрсетуге міндетті.

4. Жауапкершілік

11. Академияның қызметкерлері осы Кодекс талаптарының анықталған бұзушылықтарына қатысты мәселелерді Академияның тәртіптік комиссиясында қарайды.

12. Осы Кодекстің нормаларын бұзғаны үшін Академияның қызметкерлері тәртіптік жауапкершілікке тартылады. Белгілі бір бұзушылықтар үшін қызметтік тексеру материалдары әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін құзыреті бойынша құқық қорғау органдарына берілуі мүмкін.

13. Осы Кодекс талаптарының және корпоративтік этика нормаларының сақталуын бақылау Академияның комплаенс офицеріне, құрылымдық бөлімшелер басшыларына, институттар мен филиалдар директорларына жүктеледі.

5. Қорытынды ережелер

14. Осы Кодекс бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

15. Осы Кодексте реттелмеген мәселелер қолданыстағы заңнамамен реттеледі.

«Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы
Мемлекеттік басқару академиясы»
республикалық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны
қызметшілерінің қызмет әдебі
кодексіне қосымша

«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
қызметкерлерінің қызметтік әдеп кодексін қабылдау және сақтау туралы
МІНДЕТТЕМЕ

Мен

_(Т. а. ә (болған жағдайда), лауазымы, құрылымдық бөлімшенің атауы)

«Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны қызметкерлерінің қызметтік әдеп кодексімен танысып, кодексте белгіленген нормалармен келісемін және кодекстің талаптарын орындауға және оларды өзінің кәсіби қызметінде басшылыққа алуға міндеттеме аламын. Мен кодекстің ережелерін бұзғаны үшін жеке жауапкершілікті қабылдаймын, сондай-ақ оларды толық көлемде орындауға міндеттенемін.

Қызметкердің қолы _____

Күні _____